

Сейіт
ҚАСҚАБАСОВ

Ой-сана



83.3(5Қаз)
Қ 44

Сейіт Қасқабасов

Ой-сана

Сұхбаттар



Алматы
2010

УДК 821.0(574)
ББК 83.3ҚАЗ
Қ 44

Құрастырушылар:
Д. Жақан, Машақова А.

Жауапты редактор: С. Қорабай, филология ғылымы-
ның кандидаты, доцент

**Қ 44 Қасқабасов С.А. Ой-сана: Сұхбаттар – Алматы:
Тіл оқу-әдістемелік орталығының баспаханасы, 2010.
404 бет**

ISBN 978-601-230-012-3

Академик С.А. Қасқабасовтың бұл жинағына тәуелсіздік кезеңіндегі қоғам, ғылым, тіл, өнер, әдебиет, ұлт мәселелері жайындағы азаматтық, қайраткерлік, ой-көзқарастарын кең ауқымда ашып көрсететін сұхбаттары топтастырылды. Бұл сұхбаттарда қазақ халқының тамыры мен тегі, көшпелі қазақ мәдениетінің өзіндік сипаты, ана тілінің болашағы мен ауыл, қала тіршілігіндегі қазақ тағдыры жайлы тың ойлары тұжырымдалады. Әсіресе, ғалымның қазақ халқының ұлттық руханият өзегін сақтай отырып, жаһандану тегеурініне төтеп берерлік инновациялық технологиялар тілін меңгерген, барлық бәсекеге шыдас берерлік ұлт болуды көкसेген пікірлерімен кеңінен қанығуға болады.

Жинақ әдебиет пен мәдениет зерттеушілеріне, жоғары оқу орындарының студенттеріне, жалпы сөз өнерін қадір тұтатын барша оқырман қауымға арналған.

ISBN 978-601-230-012-3

УДК821.0(574)
ББК 83.3ҚАЗ

© Қасқабасов С.А. 2010

© Тіл оқу - әдістемелік орталығының баспаханасы. 2010



Академик С.А. Қасқабасов

Тереңдік теңізге жарасады

– Сейіт аға, Сіз көне мифтерді, аңыз-эпсаналарды қазақ топырағында алғашқы зерттеп жүрген фольклортанушы ғалымсыз. Сізді осы тақырып қай қырынан қызықтырады?

– Мен ауылда жусан иісін бойыма сіңірген қазақтың кара сирақ ұлымын. Жаратылысы әлемнің тарихына, мифті зерттеуге жетектеген Қарқаралы, Баян, Шыңғыс топырағына қарыздармын деп есептеймін. Көне-көз құймақұлақ қариялардың әңгімесіне бес-алты жастан-ақ ден қойдым. Кейін есейе келіп, мектепті бітірген соң, сол арман мені бұрынғы КазПИ-дің орыс тілі мен әдебиеті факультетіне жетеледі. Аталған оқу орнын бітірген соң, 1964-67 жылдары Ғылым академиясына қарасты М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасында да оқыдым. 1969-жылы марқұм Қазақстан ҒА корреспондент мүшесі Нина Сергеевна Смирнованың жетекшілігімен «Қазақтың қиял-ғажайып ертегілері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғадым. Шексіз арман жас шақта құзар шыңда жанған түнгі оттай жылтырап, өзіңді сол үмітке қарай жетелейді. Қай заманда да қиялға батып, үмітке қол созбаған адам қанатсыз құс дер едім.

– Сейіт аға, күні осы уақытқа дейін қазақта миф жанры бар, бірақ толық қалыптасты деп еркін айта алмай жүруіміздің себебі неде?

– Жасыратыны жоқ, бізді бұған дейін батыстық сыңаржақ фольклоршылардың миф туралы санамызды улаған біржақты пікірлері шаршатып болды. Ашығын айтқанда, әдетте, миф десек ойымызға ежелгі Греция мен Римнің қызықты әңгімелері түседі. Міне, осы өлшеммен кейбір ғалымдарымыз қит етсе Батысқа қарап мөлиеді. Соңғы 10 жылда шығыстануда мифке деген көзқарас күрт өзгерді. Ежелгі классикалық мифтің поэтикасын зерттеген әйгілі ғалым Е.М.Мелетинскийдің кейбір пікірлері біздің қазақ мифтерінің тарихымен сабақтас. Туралап айтсақ, фольклорлық көзқараспен қарағанда миф деп отырғанымыз

қарайды. Өйткені, ол шығыстануға қатысты төрт-б тілді түпнұсқадан оқиды. Өзім көрген қазіргі орта буі ғалымдардың арасында Сейіт, Құлмат, Едіге Тұрсын Қабіболла Сыдық жас шамасы 35-ке толмай-ақ өзді «үркердей» өзгелерден оқшау тұратын. «Тереңдік теңіз жарасады» дегендей, С.Қасқабасовтың лашындай алғашқы ғалым екенін мойындаймын. Мәселен, ол - Ресей Ғылым академиясының М.Горький атындағы дүниежүзілік Әдеби және өнер институтының фольклор бөлімінің меңгерушісі В.М.Гацақтың «Эпос и героические колыда» (Специфика фольклорных жанров. М. 1973 С.7) атты кітабына кезіңді рецензия жазған адам. Мен Сейітпен бір сапарда болғандықтан орыс, еврей, тәжік, ғалымдарының аса зор ілтипатпен қарайтынына таң қалдым. Ашығын айтқанда, мұндай құнды кітаптар тек Қазақстанда ғана емес ТМД көлемінде некен-саяқ. Мәселен, «Казахская сказочная прозадағы (Предания исторические и топонимические) деп аталған 5-тарауына көз жүгіртсек, ондағы су, жер аттарына қатысты тарихи әңгімелердің сюжеті белгілі бір оқиғаме байланыстырылған. Айталық, бейнелі сөздердің түп тамырын ондағы кейіпкер атауларымен тау, тас, қала, маза мола, тағы басқа заттардың анықтама нышандары қанда да бір тарихи шындықпен қабысып сәйкестендіріледі.

Ғалым Қабіболла Сыдықтың пікірі мынадай:

– Оның ғылыми еңбектерінің ішінде маған айрықша ұнағаны (1984 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген «Қазақтың халық прозасы» қансонарда түскен іздей айқында өміршең монография екендігінде еш күмән жоқ. Осы шығармасы іргелі де соны туынды болғандықтан 1988 жылы С.Қасқабасовқа Қазақстан ҒА-ның Шоқан Уәлиханов атындағы 1-дәрежелі сыйлығы берілді. Көп кешікпей 1989 жылы осы монографияның негізінде жазылған «Қазақ халық прозасының жанрлары» атты зерттеуі үшін филология ғылымдарының докторы дәрежесі берілді. Ол - бұған қоса «Ғылым» баспасынан шыққан «Қазақ фольклористикасының тарихы» атты ұжымдық ғылыми монографияның негізгі авторларының бірі. Аталған монография Орта Азия

бойынша бүкіл түркологияның соңғы жылдардағы елеулі жетістігі ретінде жоғары бағаланғаны барша ғалымдарға аян. Кейінгі кездерде С.Қасқабасов қазақ фольклоры ғылымының екі бағытта дамуына атсалысты. Әуелі ол қазақ фольклорын белгілі бір жүйеге түсіріп, сосын барып, текстологиялық орасан зор еңбек сіңірді. Әсіресе, ол назар аударған – «Қазақтың жан-жануарлар туралы ертегісі», «Қазақтың қиял-ғажайып ертегілері», «Қазақтың батырлық ертегілері» текстологиясын бірге дайындасып, ұшан-теңіз еңбек сіңірді. Тәжірибелі ғалымның қазақ фольклорының текстологиясын зерттеумен қатар «Казахская сказочная проза» атты ғылыми монографиясының қазақ фольклор зерттеуіндегі ғылыми жаңалығы сол, қазақ фольклорын, оның ішінде үздік әпсана-аңыздардың, ертегілердің бұрын ешкім назар аудармаған тың проблемаларын жан-жақты қарастырады.

Бұған қоса, біздің айтарымыз, С.Қасқабасов әлемдік мифтерге жүгіне келіп, қазақ ауыз әдебиетіндегі көне мифтердің сыр-сипатынашты. Мифологиялық өңгімелердегі түрлі әпсаналардың ерекшеліктерін, жанрлық табиғатын ашып, архаикалық мифтердің Шығыс топырағында қалай пайда болу жолдарын саралады. Қорыта айтқанда, «Казахская сказочная проза» төк қана қазақ ғылымына қосылған үлкен еңбек ғана емес, дүниежүзілік түркологияны байытқан ғұмырлы шығарма.

Аманжол Қанафияұлы
«Алматы ақшамы» газеті. 1992. 27 қараша. 3-б.

— әлемдік мифология ауқымынан шықпайтын, типологиялық сипатымен соған сәйкес келетін дүниенің, жаратылыстың әртүрлі құбылыстар мен объектілердің пайда болуы, аспан мен жердің жаратылуын, адамзаттың алғаш қалай пайда болғанын, аңдар мен құстардың шығу тегі мен мінез-құлқын, ерекшеліктерін түсіндіріп баяндайтын прозалық шығармалар.

— Сейіт аға, сонда қазақ мифтері ежелгі классикалық мифтерге жақын болғаны ма?

— Әлбетте, бабаларымыз өздерінің қиялынан туған мифтерге сенген. Өйткені, қазақ мифтері жалпы жаратылыс табиғаты жағынан алғанда, өзің айтқандай, көне классикалық мифтерге жақын. Қалай дегенде шығыс мифтері архаикалық таза күйінде болмаса да, көне замандағы мифке тән, мифтік сана, әр ғасырлық мифологиялық ұғымдардың іздері айқын байқалады.

— Ғылыми жолыңызда тағы да қандай ғалымдар Сізге шапағатын тигізді?

— «Ұстазсыз шәкірт тұл» емес пе? Марқұм Әлкей Марғұлан өз баласындай сезінетін. Ол жан адамға шешіліп сөйлеспейтін. Әуелбек Қоңыратбаев мені өз бауырындай көретін. Кешегі әдебиеттің тура биі Ысқақ Дүйсенбаев пен түркітанушы ғалым Мархабат Томанов ағалар менің тырнақалды зерттеулеріме ақыл-кеңес айтып, жазбаша жылы пікірлерін де білдірді.

Ол туралы басқа ғалымдардың қандай пікірде екенін мақсатымен алдымен белгілі ғалым, академик Ахметовпен тілдестік.

Бірінші айтарым, ғылымға келген әр жастың ойында әлде-нәрсені жәйт сақталуы керек. Ұлы Абай айтқандай, «ақырын біл, анық басуы» керек. Осы ізеттілік, кішіпейілдік біздің ғалымдарда әлі де жетіспейді. Сейіт ініміз кішіпейіл, парасаттылығымен ерекшеленетін ғалым. Оның мифологияға қатысты жекелеген мақалаларын былай айтқанда қазақ мифтерін жете зерттегенін мойындағанымыз.

Оның ғылыми ерекшелігі сол, қазақтың архаикалық эпосана-аңыздарын әлемдік мифпен салыстыра